

3 Корейлер
Қызылордаға
қалай қоныстанды?



4 Тақымда тұлпар,
қолда қыран



Сыр бойы

2 мамыр, бейсенбі 2024 жыл

№67 (20741) Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады



www.facebook.com/syrboyi.kz/
www.instagram.com/syrboyi_kz
t.me/syrboyi_kz
twitter.com/syrboyi



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқының бірлігі күнімен құттықтауы

Қазақстан халқының бірлігі күні құтты болсын!

Бұл – татулық пен тыныштықтың, тұрақтылық пен бейбітшіліктің символы саналатын мерейлі мереке.

Қазақ жерін мекен еткен сан алуан этностың мәдениеті, діні мен дәстүрі өзара үндесіп, бірегей өркениетке айналды. Бүгінде еліміздің барша азаматтары біртұтас ұлт болып Әділетті Қазақстанды құрып жатыр. Ырысты ынтымақтың арқасында халқымыздың қуаты арта түседі. Сондықтан біз бірлігімізді нығайтуға бар күш-жігерімізді жұмылдыруымыз керек. Бұл – әрбір азаматтың мәртебелі міндеті әрі перзенттік парызы.

Ел бірлігі, әсіресе, қиын-қыстау сәттерде сыналады. Биыл біз бұрын-соңды болмаған «алапат тасқынмен» бірлесіп күресіп жатырмыз. Әр азаматтың бір-біріне тілеулістігі арқылы бүкіл ұлттың тұтастығын таныта білдік. Қазақстан халқы тарихтың күрделі кезеңінде жұрт болып жұмылып, табысқа жете алатынын тағы да дәлелдеді.

Халқымыз жасампаздық пен жаңашылдық, еңбекқорлық пен білімпаздық, жанашырлық пен жауапкершілік сияқты асыл қасиеттерінің арқасында өсіп-өркендей береді деп сенемін.

Баршаңызға зор денсаулық, толағай табыс тілеймін!

Әр шаңыраққа құт-береке дарысын!

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың Қазақстан халқының бірлігі күнімен құттықтауы

Құрметті қызылордалықтар!

Баршаңызды 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Мемлекет басшысы «Егемен еліміздегі барлық этностық топ өкілдері біртұтас Қазақстан халқын құрайды. Біз достық пен ынтымақтың, татулық пен тұрақтылықтың арқасында зор жетістікке жеттік» деп атап өтті.

Бұл мерекеде еліміздің барлық тұрғындарының ынтымақтастығы мен достығының, бейбіт өмірінің жарқын көрінісі дәріптеледі. Ал бейбітшілік, тұрақтылық және келісім – мемлекетіміздің негізгі ұстанымы. Атаулы күн әрбір қазақстандықты Отанға сүйіспеншілігін, патриоттық сезімін, азаматтық борыш туралы түсінігін орнықтырады.

Татулық туын биік ұстаған Сыр елінде 35 этнос өкілдері өмір сүреді. Облыстық ассамблея жанында 11 этномәдени бірлестік бар. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Қазақстан халқы ассамблеясы» орталығы да өзара түсіністіктің, ынтымақтың салтанат құруына өзіндік үлес қосып келеді.

Қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылық – біздің баға жетпес байлығымыз! Оны сақтау, нығайту жолында аянбай еңбек ету – әрбір Қазақстан азаматының міндеті.

Бүгінде елімізбен бірге аймағымыз да экономикалық, әлеуметтік, рухани тұрғыдан ілгерілеуде. Бейбітшілік пен татулық, жұдырықтай жұмылған бірлік бізді бұдан да жарқын, баянды болашаққа бастайды.

Баршаңызды айтулы мерекемен шын жүректен құттықтап, отбасыларыңызға құт-береке, бақыт тілеймін! Бір шаңырақтың астындағы берекелі тірлігіміз жалғаса берсін!

Мерейі үстемі мереке – ынтымақ, бірлік, береке!



КҮШ – БІРЛІКТЕ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Бірлік. Жасампаздық. Өрлеу» атты кездесу барысында Сыр жұртшылығын және қатысушыларды 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі мерекесімен құттықтады. Іс-шараға зиялы қауым өкілдері, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелері мен облыстық этномәдени бірлестіктердің жетекшілері, меценаттар, үкіметтік емес ұйымдар мен волонтерлер, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Аймақ басшысы мемлекетіміздің стратегиялық мақсаты қоғамдағы бірлік пен татулық екеніне тоқталды.

– Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXIII сессиясында «Тасқын кезінде ел бірлігі нығая түсті. Арқадағы ағайынға, Жайықтағы жұртқа бүкіл Қазақстан халқы көмектесуге ұмтылды. Апат аймағында тұратын адамдар барша отандасымыздың шыннай жанашырлығын сезінді» деп атап өтті. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Үкімет, квазимемлекеттік компаниялар, кәсіпкерлер, қоғамдық қорлар 140 млрд теңгеден астам қаржы бөліп, жағдайды қалпына келтіруге қолдау көрсетуде.

2-бет



НАЗАРДАҒЫ НЫСАН

ЖАҢА СТАДИОННЫҢ ІРГЕТАСЫ ҚАЛАНДЫ

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қызылорда қаласының сол жағалауына салынатын жаңа стадионның іргетасын қалау рәсіміне қатысып, қала тұрғындарын Қазақстан халқының бірлігі күнімен және құрылыстың басталуымен құттықтады.

– Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы «Бәріміз – бір елдің азаматымыз. Тарих тоғыстырған тағдырымыз – бір, сеніммен қадам басатын келешегіміз – бір. Біз біртұтас ұлт ретінде әрдайым бабалар аманатына адал боламыз. Қасиетті қарашаңырағымыз – Қазақстанның жарқын болашағын бірге жасаймыз. Біздің мақсатымыз айқын, бұл – Әділетті Қазақстанды құру» деген болатын.

Бүгін – аймағымыз үшін айтулы күн, көптен күткен қуанышты сәтте бас қосудамыз. Мереке күні өздеріңізбен бірге халықаралық талаптарға сай келетін, 10 мың орындық жаңа стадионның іргетасын қалаймыз. Өздеріңізге белгілі, Тәуелсіздік жылдары елімізде заманауи екі стадион, яғни «Астана арена» мен «Түркістан арена» ғана салынған.

Қызылордадағы Ғани Мұратбаев атындағы орталық стадионның салынғанына 60 жылға жуықтады. Стадион УЕФА талаптарына сәйкес келмейді. Сондықтан біздің сүйікті командамыз «Қайсардың» жанкүйерлерінің ұсынысымен жаңа стадион салуға шешім қабылдадық. Баршамызға құтты болғай! – деді аймақ басшысы.

Іс-шарада футболдан Қазақстан құрама командасының капитаны, бес дүркін ел чемпионы және Қазақстан кубогінің жеңімпазы, екі дүркін Қазақстан кубогінің иегері Асхат Тағыбергенов жерлестерін құттықтады. Жаңа стадионның іргетасын қалау сәтінде мемлекет және қоғам қайраткері Бакберген Досманбетов бата берді.



ТАТУЛЫҚТЫҢ ТАМЫР БҮЛКІЛІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқы Ассамблеясының «Бірлік. Жасампаздық. Өрлеу» атты XXXIII сессиясында: «Достық үйлері жалпұлттық ықпалдастық үшін қажетті орталыққа әрі барлық аймақта Ассамблеяның ауқымды бастамаларын жүзеге асыратын сенімді орынға айналды. Олар әлеуметтік маңызы бар жүзден астам жобаны іске асыруға ұйытқы болды» деп қуатты ұйымның қоғамдағы ролін баса айтқаны белгілі. Бұл жүзден астам ұлт пен ұлыстың мекеніне айналған Қазақстанның әлемдік саяси аренадағы орнын да асқақтатып келеді.

Бүгінде Қызылорда облысында 35 түрлі этнос өкілдері бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Олардың басын біріктіретін 11 этномәдени бірлестік ешбір маңызды іс-шарадан шет қалып көрген емес. «Славяне» этномәдени бірлестігінің 25 жылдығы, татар этномәдени бірлестігінің 30 жылдығы, «Алекс» би өнері мектебінің 25 жылдығы, республикалық «Корей ильбо» газетінің 100 жылдығы, Солтүстік Кавказ халықтарының Қазақстанға қоныстанғанына 80 жыл толуы кең ауқымда аталып өтті.

Сонымен қатар Мемлекет басшысының беделді шетелдік жоғары оқу орындарының филиалдарын ашу жөніндегі тапсырмасы белсенді түрде жүргізілуде. Осы орайда облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев өткен жылғы мамыр айында Корея Республикасының Сеул, Тэджон қалалары мен Чолла-Бук-до провинциясына жұмыс сапарымен барып, Сеулде Ұлттық ғылыми-техникалық және Шинхан университеттерінің президенттерімен кездесті. Бірлескен келіссөздер нәтижесінде Қызылорда қаласында Корея университеттерінің филиалдарын ашу және жергілікті үздік мектеп түлектері үшін арнайы гранттар бөлу жұмыстары басталды.

Облыс әкімдігі тарапынан бірнеше ай ішінде Ресей, Өзбекстан елдерінің бас консулдарымен кездесулер ұйымдастырылып, облыстың сауда-экономикалық, инвестициялық, мәдени-рухани, туризм, білім және ғылым салаларында өзара ынтымақтастық орнату жөнінде нақты ұсыныстар талқыланды.

3-бет

Валюта бағамы \$ 442,05 kzt € 474,14 kzt ₴ 4,74 kzt

Ауа райы +12° +28°

+15° +20°

ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫНДАҒЫ НЫСАНДАРДЫ АРАЛАДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қызылорда қаласындағы нысандарды аралап, демеушілер қолға алған жұмыстармен танысты.

Алдымен аймақ басшысы Тасбөгет кенті А.Иманов көшесіндегі №1 үйдің қасбетін сырлау жұмыстарын көрді. Өткен жылы Қызылорда облысының 85 жылдығы және қала күніне орай шаһардағы 30-дан астам көпқабатты тұрғын үйдің қасбеті заманауи панельмен қапталған болатын. Бұл жұмыстар жергілікті демеушілердің, атап айтқанда қала құрылысшылары мен кәсіпкерлердің қолдауымен атқарылды. Биыл игі бастама жалғасын таппак.

Облыс әкімі Ә.Мүсілімов атындағы №101 мектеп-лицейінің қасбетін қаптау жұмыстарымен де танысты. Осыдан 20 жыл бұрын салынған мектеп 624 орындық, мекемеде 286 педагог пен 51 қызметкер жұмыс істейді. Өткен жылы мектеп жанынан 550 оқушыға арналған қосымша ғимарат салынды.

Облыстық білім басқармасының басшысы Асқарбек Есжанов аймақтағы күрделі жөндеуді қажет ететін мектептер жөнінде



лық көп шоғырланатын орындардағы бақылауды күшейтеді, қоғамдық тәртіп және қауіпсіздікті қамтамасыз етеді.

Қаладағы нысандарды аралау кезінде облыс әкімі Қ.Ажаров көшесіндегі Агробиологиялық орталықты қайта жаңғырту жобасымен танысты.

Қызылорда қаласының әкімдігі мен Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті бірлесіп жүзеге асырған жоба аясында нысан аумағы абаттандырылып, көпшіліктің демалыс орнына айналмақ.



айтты. Биыл жергілікті бюджет есебінен 2,8 млрд теңгеге 7 мектеп ғимараты күрделі жөндеуден өтеді. Оның ішінде, облыс орталығындағы №№211, 212, 217, 222, 253 мектептер бар.

Мұнан әрі облыс әкімі №3 мектеп-лицейінің қасбетін қаптау жұмыстарын көрді. С.Толыбеков атындағы оқу ғимараты 750 орынға арналған, мұнда 183 ұстаз және 44 кіші қызметкер еңбек етуде. Өткен жылы бұл оқу ордасына да 375 орындық қосымша ғимарат салынды. Жаңа ғимаратта оқу кабинеттері, шығармашылық бөлмелер талапқа сай жасақталған. Оқушыларға ыңғайлы болу үшін оқу құралдарын сақтауға, балалардың шығармашылық дамуы мен демалуына толық жағдай қарастырылған. Бейнебақылау, дыбыстық хабарлау және басқа да күшейтілген қауіпсіздік жабдықтары орнатылған.

Айта кетейік, білім мазмұнын арттыру мақсатында мектептерді заманауи пәндік кабинеттермен жабдықтауға, бала қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін соңғы үлгідегі бейнекамералар алуға биыл жергілікті бюджеттен 1 млрд 500 млн теңгеге жуық қаржы бөлінді. Құрылғылар жана оқу жылына дейін білім беру ұйымдарына орналастырылады.

Облыс әкімі аппараты цифрлық технологиялар бөлімінің басшысы Сәбит Ибадулла Қызылорда қаласындағы бейнебақылау жүйелерін дамыту жобасын таныстырды. Қазір қала бойынша 272 бейнебақылау камерасы, 20 «Аркан» жылдамдық өлшегіш құралы мен 5 интеллектуалды қиылыс болса, жоба іске асқан соң 1400 камера, 19 интеллектуалды қиылыс пен 58 жылдамдық өлшегіш, сондай-ақ, 20 Sergei Qorgau мобильді жұмыс орны орнатылмақ. Бүгінде жобалық құжаттар сарапталуда, жүйе 2029 жылы толық пайдалануға берілмек. Бұл ха-



Суреттерді түсірген Бағдат Есжанов



Университет ротонда, жартышар күмбезі, дөңгелек шатыр, аркалар салады. Оған қоса, тамшылатып суару жүйесін жүргізіп, жеміс ағаштарын отырғызады. Ал қала әкімдігі кеспетастарды төсеп, газон егуге, айқсу тартуға жауапты болмақ.

Әрі қарай аймақ басшысы Абай аллеясынан Астана даңғылына дейінгі абаттандыру жұмыстарын көрді. Жобаның жалпы құны – 262,9 млн теңге, мердігер мекеме «Дарен-Строй» ЖШС кеспетас төсеп, шағын сәулет

БІРЛІК АЛЛЕЯСЫНА ТАЛ ЕГІЛДІ

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қазақстан халқының бірлігі күніне орай облыстық Қазақстан халқы ассамблеясы жанындағы құрылым мүшелерімен, этномәдени бірлестіктердің жетекшілерімен бірге Бірлік аллеясындағы тал егу шарасына қатысты.

Айта кетейік, бүгінде облыстық ассамблея жанында 11 этномәдени бірлестік бар. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде «Қазақстан халқы ассамблеясы» орталығы жұмыс істейді.

Өңірдегі ұлтаралық татулық пен қоғамдық келісімді сақтау, облыстық ассамблеяның қызметін жандандыру және оның қоғамдық-саяси рөлі мен мазызын арттыру бағытында тиісті жұмыстар атқарылуда.



КҮШ – БІРЛІКТЕ

Мемлекет басшысының бастамасына Сыр жұртшылығы да қолдау білдіріп, су тасқыны болған аймақтарға көмек қолын созды. Республикалық қайырымдылық акциясына облыстың барлық мемлекеттік мекемелерімен қатар, ірі кәсіпорындар мен компаниялар, меценаттар, партия және Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылымдары, волонтерлер айрықша үлес қосты.

Қызылорда облысынан еліміздің Қостанай, Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Атырау, Солтүстік Қазақстан облыстарына 738 адам, 216 арнайы техника жіберіліп, көмек көрсетілуде. Осы ретте, табиғи апат болған өңірлерге жәрдем жасаған барша сырбайлықтарға, халық қалаулыларына, кәсіпкерлерге, төтенше жағдай қызметкерлері мен ерікті жастарға алғысымызды, ерекше ризашылығымызды білдіреміз! – деді Нұрлыбек Машбекұлы.



1 мамырдан бастап ел аумағында тасқыннан зардап шеккен өңірлерге практикалық көмек көрсетуге арналған «Береке – бірлікте» жалпы республикалық акциясы жарияланады. Оған аймағымыздағы компаниялар, ұйымдар мен бизнес-құрылымдар «Бір компания – кемінде бір әлеуметтік нысан» қағидасын ұстанып, су басқан аймақтардағы нысандарды қалпына келтіруге бағытталған әлеуметтік чөлленднге қолдау көрсетпек. Осыған орай, Сыр өңірін ерікті құрылыс отрядтары, волонтерлер тобы, жастар ұйымдары жолағ шығады.

Еске салсақ, тасқыннан зардап шеккен ағайынға Сыр өңірінен 200 млн теңгенің гуманитарлық көмегі жөнелтіліп, ауыл шаруашылығы тауарөндірушілері 100 тоннаға жуық ақ күрішпен қамтамасыз етті. Қала және аудан әкімдіктері ұйымдастырған «Күшіміз – бірлікте» акциясына облыстың жанашыр азаматтары мен волонтерлер үлес қосуда.

Облысқа Батыс Қазақстан өңірінен уақытша келген 103 оқушы мен 10 жетекшісі «Қамбаш» олимпиадалар және қосымша білім беру орталығына орналастырылып, 5 мезгіл ыстық тамақпен қамтамасыз етілді. Ал Атырау облысының 100-ден аса тұрғыны Қызылорда қаласына орналастырылып, тиісті көмек көрсетілуде.

Жиында облыстың Құрметті азаматы, «Құрмет» орденінің иегері Шакизата Әбдікәрімов, облыстық неміс қоғамдық-мәдени орталығының жетекшісі Ирина Шек, «Торғай-Петролеум» АҚ бас директоры Дәурен Әбілқайыров, «Аманат» партиясы жанындағы «Жастар рухы» Жастар канаты облыстық филиалының төрағасы, волонтер Әсет Баймұрза сөз сөйлеп, жерлестерін бірлік пен ынтымақтың арқасында жасампаз жұмыстарды жалғастыра беруге шақырды.



Жиын соңында аймақ басшысы облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының дамуына үлес қосқан еңбек ардагерлері Жұмабаев Асылбек Теңелұлын 75 жасқа және облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының қоғамдық негіздегі орынбасары, татар этномәдени бірлестігінің төрағасы Гизатуллина Галия Камилевнаны мерейлі 70 жасқа толған мерейтойымен құттықтап, облыстың Құрмет грамотасымен марапаттады.

Сонымен қатар, сын сағаттарда бірліктің үлгісін көрсеткен бейбіт күннің батырларына Алғыс хат табыстады.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

тұсында, Жалағаш ауданы орталығында теміржол үстінен өтетін жаю жүргіншілер көпірі ел игілігіне табысталды. Арал ауданында 3,1 млрд теңгеге автожол көпірінің құрылысы қарқынды жүргізілуде. Қаланың «Шанхай» шағын ауданы тұрғындарының көптен бері көтерген мәселесі де оң шешімін тапты.

Өткен жылы «Қазақстан Темір Жолы» компаниясы мен жергілікті кәсіпкерлердің демеушілігімен 600 млн теңгеге жуық қаржыға теміржол вокзалы күрделі жөндеуден өтсе, жақында ғана «Қызылорда-Семей» бағытындағы жолаушылар пойызына 44 жаңа заманауи вагон алынып, толығымен жаңаланды.

Болат Өтемұратов қорының қолдауымен 17 млрд теңгеге жуық қаржыға «Қорқыт Ата» әуежайының жана терминалы халықаралық талаптарға сай етіп салынды. Нысан жақын арада пайдалануға берілмек.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қызылорда облыстық мәслихаты «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» және «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» заңдары талаптарының бұзылуына жол бермеу мақсатында Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі №1 ғимаратында «Қызылорда облыстық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінің «Азаматтардың өтінішін қабылдау жөніндегі» орналасқандығын және 60-54-01 нөмірі «сенім» телефоны жұмыс істейтінін хабарлайды. Электронды мекен-жай: kyz_oblmaslikhat@mail.ru

Қызылорда облыстық мәслихаты лауазым иелерінің азаматтарды қабылдау КЕСТЕСІ

Азаматтарды қабылдау күзгі жетін лауазымды адамның тегі, аты жөні	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны	
Тлеумбетов Мұрат Жолкелдіұлы	Қызылорда облыстық мәслихатының төрағасы	бейсенбі сағат 15.00-17.00	Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, № 1	60-54-01
Досжан Жандос Сермағанбетұлы	«Қызылорда облыстық мәслихатының аппараты» ММ басшысы	сейсенбі сағат 15.00-17.00	Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, № 1	60-53-99

Жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдауға алдын ала жазылу үшін 8 (7242) 60-54-01 байланыс телефоны арқылы хабарлауға немесе Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, №1 мекен-жайы бойынша келуге болады.



Суретті түсірген Нұрболат НИРЖАУБАЙ

КОЛӨНЕР



КИІЗДЕН КИІМ КЕСТЕЛЕП

Бүгінде ұлттық киім үлкен сұраныста. Әсіресе, мерекелік кештерде, ас-тойларда қазақы киім кию үрдісі қалыптасып келеді.

Біздің кейіпкеріміз Айзат Мырзаева – Жанақорған ауданы Түгіскен ауылының тұрғыны.

Сол бала күнінен қолөнерге қызығып, әсемдікке құштарлықты бойына сіңірген ол қазір ұлттық киімді киіз басу әдісімен әзірлейді.

– Айнамыз ауылға белгілі шебер еді. Ауылда әлі күнге дейін ол кісінің қолынан шыққан киіздер бар.

Жарамсыз деп есептелсін

Қудайберген Дархан Ертаевичтің атына Қызылорда облысының полиция департаментінен берілген КЗ №17720 қызметтік куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

ТӘУЕЛСІЗДІК ТІРЕГІ – ТАТУЛЫҚ

Облыстық мәмлкеттік архивінде Қазақстан халқының бірлігі күніне арналған «Достық, береке, бірлік – тәуелсіздік тірегі» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

Дөңгелек үстелде облыстық ҚХА төрағасының қоғамдық негіздегі орынбасары, облыстық татар этномәдени бірлестігінің төрағасы Г.Гизатуллина, «Вайнах» шешен этномәдени бірлестігінің төрағасы М.Гичиев, бірлестік мүшесі С.Хаджиев, «Қазақстандағы орыс қауымдастығы» қоғамдық бірлестігі облыстағы филиалының директоры Н.Мишукова, «Қоғамдық келісім» мекемесі директорының орынбасары Д.Омаров және БАҚ өкілдері қатысты.

Ең алдымен «Ел бірлігі – достықтың бастауы» атты тарихи-құжаттық көрмені тамашалаған жиын қонақтары өз Отанының еріксіз көшірілген өзге ұлттардың Қазақ еліне, оның ішінде Сыр өңіріне алғаш қоныстануы кезіндегі көптеген құнды деректермен танысты.

қоғамдық негіздегі орынбасары, облыстық татар этномәдени бірлестігінің төрағасы Г.Гизатуллина мемлекетімізді мекендейтін халықтар достығы, осыған мүдделі ұлттық мәдени орталықтардың құрылу тарихы, бүгінгі жүргізіліп жатқан жүйелі жұмыстары жайында әңгімеледі. Өз кезегінде «Вайнах» шешен этномәдени бірлестігінің төрағасы М.Гичиев:

– Тағдыр жазуымен осы топтырақта өмір сүріп, өсіп-өндік. Соныдан Қазақ елі – біздің тарихи Отанымыз, Сыр өлкесі – сүйікті мекеніміз, – делі.

«Қазақстандағы орыс қауымдастығы» қоғамдық бірлестігі Қызылорда филиалының директоры Н.Мишукова сонау жылдары тағдыр тәлкегімен Қазақ еліне келіп, Арал жеріне қоныстанған арғы аталары туралы айтты. Ұлттар бірлігі мен татулығын



нығайтуда Қазақстан халқы Ассамблеясының атқарып отырған қызметіне тоқталып өтті.

Облыстық архивтің архивісі А.Елемесова қор құжаттарынан дайындалған «Тағдыр табыстырған ұлттар ордасы» тақырыбында баяндама оқыды. Ал «Қоғамдық келісім» мекемесі директорының орынбасары Д.Омаров елімізде қалыптасқан ұлттардың тұтастығы мен халықтар достығы мемлекетіміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына өзіндік септігін тигізіп отырғанын айтты.

– Қоғамда тұрақтылық пен тыныштықтың сақталуы – Қазақстанды мекендеген халықтардың достық қарым-қатынасының жемісі. Осынау ымырасыз ынтымақ, берекелі бірлігіміз

баянды болуына баршамыз үлкен жауапкершілікпен қызмет етуіміз керек, – делі Д.Омаров. Мерекелік іс-шара барысында Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицейі жанындағы қосымша білім беру орталығының мүшелері өнер көрсетті.

Ғазиза ӘБІЛДА, «Сыр бойы»

ӨРКЕН

ТАҚЫМДА ТҰЛПАР, ҚОЛДА ҚЫРАН

Бала біткеннің қалтафонға телміріп, ойын қызықтағанына көз үйренді. Бұрынғыдай даланың тынысын танып, табиғатпен тел өскен буынды сирек көреміз. Міне, осындайда заман ығына жығылған буынды оятып, ата-баба дағдысына ықылас қойған кейіпкер көздеріңізге көңіл жадырайтыны сондықтан.

Жуырда 13 жасар Саянбатыр есімді бозбаламен жолықтық. Өзі Шиелі ауданының тумасы. Орта білімді де сол өңірден алуда. Ерекшелігі сол, ол қатарластары секілді компьютер ойыны немесе смартфон қызығына елітпейді екен.

Баланың мұндай ерекшелігінің сырын әкесі Бағдаттан сұрадық. Айтуынша, мәселенің мәні тек қызығушылықта емес, жастай баулыған еңбекте болып шықты. Әкесі бала-

сын 2 жастан атқа мінігізіп, жақын болуына баулыған. Ат спортына әуес жастың тақымын қатайтып, тәжірибесі шыңдалған соң түрлі ұлттық ойын-сауыққа қатыстыруды тоқтатпаған. Соның нәтижесі болар, Саянбатыр – көкпар мен бәйгелінің шабандозы.

– Болар баланы бірден аңдауға болады. Саянбатыр бала кезінен далаға құмар, жылқысүйер еді. Ат тұяғының дүбірін, жылқының ісінін жақын тұтты ма, ес билгелі тақымы атқа тисе, арқаланып кететін. Жылқыға қызығушылық танытқасын мен де меселін қайтармай, білгенімді үйретудемін, – делі әкесі Бағдат. Әрине, жылқыға құмарды кезік-

тіргенімізбен, қыранға қызығушылық танытатын баланы көру некен-саяқ. Бұл орайда кейіпкеріміздің басы биік. Саянбатыр қыран баптау өнерін де қалыс жібермей, құстың тілін табуға талпынып келеді. Перзентінің ықыласын сезген әке ұядағы қыранның балапанын әкеліп бергелі баланың аңшылыққа аңсары ауды. Қазір құмай тазыны қапталатып, қыран құстың қомдап ұшқанын қызықтауға әуес.

– Қыранды қолға үйрету әрі баптау дағдысын үйренгелі көп болмады. Бәрі атқа құмарлықтан туды десем болады. Ұлттық салт-дәстүрді зерттей жүріп, жылқымен байланысты спорттарды шолдым. Кейін әкем ұядан қаршығаның балапанын әкеліп, оқыған және естіген мәліметтерді тәжірибе жүзінде іске асыруға мүмкіндік туды. Уақыт өте күсбегіліктің қыр-сырына қанығып, қажетті құрал-жабдықты түгендедім.

Білерім әлі алда, – дейді Саянбатыр Тәліпов.

Кейіпкеріміздің сөзінше, қыран баптау – отбасылық үрдіс. Бұған дейін де әкелі-балалы ұядан балапан әкеліп, қолға үйретіп, кейін еркіндікке жіберетін болған. Бұл әдіс баланың тәжірибе жинауына жасаған қадамының бірі екен.

Саянбатыр есіміне сай ержетіп келеді. Бағдыр десе батыр, он бойынды салмақты қасиеті тіпті бөлек. Небәрі 8-сынып оқушысы болса да, ұлттық спорт туралы көрген-білген дүниесі мол. Келешекте қазақтың атын шығаратын шабандоз болып, сәйгүлік баптауды армандайды. Осылайша, атының ғана емес, адамның да баласы екенін көрсеткісі бар. Талабы таудай балаға сәттілік серік болсын дейміз.

Ерсін ШАМШАДИН, «Сыр бойы»



www.facebook.com/syrboi.kz/

https://twitter.com/syrboi

www.instagram.com/syrboi_kz



МЕНШІК ІЕСІ СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі БАС ДИРЕКТОРДЫҢ МІНДЕТІН АТҚАРУШЫ МАРАТ АРАЛБАЕВ қабылда бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002) БАС РЕДАКТОР ҚУАТ ШАРАБИДИНОВ қабылда бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053) Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер: руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040) экономика – 40-11-10 (1038, 1033) әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034) жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058) есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38 компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыр газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АК» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу күлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.